

Бекітемін:  
«Күншуақ» жеке меншік  
бөбекжай-бақшасы»  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

## «ТӘУЕЛСІЗДІК ЕЛ ТІРЕГІ»

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған эстафеталық жарыс)



Тәрбиеші: Жамишова Г

Таушық ауылы. 09.12.2024ж

Білім беру саласы: Денсаулық.

Ұйымдастырылған іс – әрекет: Дене шынықтыру.

ҰІӨ тақырыбы: «Тәуелсіздік ел тірегі» «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» атты эстафеталық жарыс.

ҰІӨ мақсаты:

1. Білімділік: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.
2. Дамытушылық: Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
3. Тәрбиелік: Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

**Қажетті құралдар:** Арқан, Жылқы, Тенге, Қой. Этно жолдар.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар мен балалар! Бүгінгі «Тәуелсіздік ел тірегі» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! Топ арасындағы жарысқа топтарды ортаға шақырайық.

**Шаттық шеңбері:**

Шеңберге біз тұрайық,  
Шаңырақты құрайық.  
Уықтар боп иіліп,  
Киіз үйді құрайық.  
Қазақстан айбыным,  
Өзіңсің менің ай күнім,  
Құтты болсын мереке  
Арта берсін береке.

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай ұлттық ойын атауларын білесіңдер?  
Жарайсыңдар, балалар. Қазақ халқында ұлттық ойынның бірнеше түрлері бар.  
Бүгін біз , екі топқа бөлініп , ұлттық ойындардан құралған «Тәуелсіздік ел тірегі» атты эстафеталық жарыста бақ сынайтын боламыз. Ол үшін біз Этно ауылға «Этно жол» арқылы баратын боламыз.

Тәрбиеші: Міне, балалар шықты алаңға,  
Жас спортшылар жеке – жеке команда  
Ал, балалар өздеріңді таныңдар,  
Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

Тәрбиеші: Бүгінгі жарысқа қатысуға екі топ келіп тұр. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер.

Ал, құрметті халайық  
Жарысты енді көріңіз  
Әділ қазы алқасы  
Әділбаға беріндер - дей отырып топ басшысына сөз берейік.

***1 - топ «Қоржын»***

Топ капитаны – Нұрдос

Топ мүшелері: Хафиз , Аянат, А,Әлинұр, Айзере

***2 - топ «Тұмар»***

Топ капитаны – Райана

Топ мүшелері: Нұралы,Кәусар, Әбілмансұр, Асма.

**«Қоржын» тобы**

Ұран: Қоржынымызды майлаймыз.

Қанжығаға байлаймыз.

**«Тұмар» тобы.**

Ұран: Тұмар тобы алға,

Шаршама тек самға.

**Тәрбиеші:** Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.  
Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

*Сайыс шарттары:*

1. «Теңге алу»
2. Оқтау тартыс
3. «Бәйге»
4. Қол күрес
- 5 «Өгіз тартыс»
6. Асық ату
7. Қой көтеру.

***1.Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»***

***Ойын шарты:*** Белгілі бір жерде теңге ыдыста салынып тұрады. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

***2.Ойын: Ұлттық ойын «Оқтау тартыс»***

**Ойын шарты:** әр топтан бір –бір баладан шеңбер ішінде тұрып оқтау тартысады. Шеңберден шығып кеткен бала жеңіледі.

### **3.Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»**

**Ойын шарты:** Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары ( арақашықтық 2м) сап түзеп тұрады. Әр топқа бір ат. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атты жүргізу арқылы жарысады.

### **4.Ойын: Ұлттық ойын «Қол күрес»**

**Ойын шарты:** Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

### **5.Ойын: Ұлттық ойын «Өгіз тартыс».**

**Ойын шарты:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Белдеріне ортақ байланған жіпті тарта отырып шеңбер ішіне қол соғып ұру.

### **6.Ойын: Ұлттық ойын «Асық ату»**

**Ойын шарты:** әр командаға асық тізулі тұрады. Асықты кезекпен ату арқылы ойналады.

### **7.Ойын: Ұлттық ойын «Қой көтеру»**

**Ойын шарты:** Ойынға топ басшылары қатысады. Қойды отырып тұрып көп көтерген бала жеңіске жетеді.

### **Тәрбиеші:**

Өнерге биік сеніңіз

Думанға қызық келіңіз

Әділ қазы ел сенген

Өнерге баға беріңіз.

**Тәрбиеші:** Құрметті көрермендер, балалар біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан - жақты жетілдіруге бағытталған. Бүгінгі балалармен ұйымдастырылған «Тәуелсіздік ел ұраны» атты спорттық кешімізді қорытындылап, әділ шешімімен «Қоржын» және «Торсық» топтарының арасындағы сайыста достық жеңді. Екі топты алтын және күміс медалдарымен марапатталады. Осымен спорттық жарысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

